ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 16 қазан №4712-24-00-2/3682 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «ZAGI», басшысы Балиева Меруерт Нариманқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК «ZAGI», басшысы Балиева Меруерт Нариманқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «ZAGI», басшысы Балиева Меруерт Нариманқызынан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер

талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 16 қазанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 17.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 26.11.2024

4712-24-3-1/3427